

Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 56 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 6737 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күршім ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 509 "Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2018 жылдың 29 желтоқсанында № 5-14-188 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 08 қаңтар 2019 жылы жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Күршім ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е.Шораяқовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

Д. Қажанов

К Е Л І С І Л Д І :

" Ш ы ғы с

Қ а з а қ с т а н

о б л ы с ы н ы ң

жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Н. Жұмаділов
" " _____ 2020 жыл.

Күршім ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 19 ақпандағы
№ 56 қаулысына қосымша

Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

Р/с №	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Барлығы , ш	Санаты	Төсем жамылғысының түрі бойынша, ш			Көпірлер , дана/ кума метр	Құбырлар , дана/ кума метр
					Асфальт / Бетон	Қара жамылғысы қиыршық тасты	Жай төсемді-ұсақ тасты		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	KF KR-59	"Үлкен Нарын-Күршім"- Қайнар" автомобиль жолы	30	IV	-	30	-	-	17/272
2.	KF KR-63	"Күршім-Қалжыр"-Марқакөл"- Қарашілік-Жиделі-Боран" автомобиль жолы	52	IV	-	52	-	2/73	5/75
3.	KF KR-164	"Күршім-Қалжыр"-Аманат" автомобиль жолы	30	IV	-	-	30	-	-
4.	KF KR-165	"Күршім-Ақсуат"-Жолнұсқау" автомобиль жолы	27	IV	-	-	27	-	-
5.	KF KR-166	" Омбы-Майқапшағай-Марқакөл "-Игілік-Шеңгелді" автомобиль жолы	45	IV	-	45	-	-	5/75
6.	KF KR-167	"Күршім-Қалжыр"- Ақбұлақ-Қарой-Ашалы"- Қайнарлы" автомобиль жолы	12	IV	-	12	-	-	-
7.	KF KR-168	" Марқакөл-Ұрынхай-Төскайың "-Шанағаты" автомобиль жолы	30	IV	-	-	30	2/106	7/70
8.	KF KR-412	"Оң жақ-Усть-Қалжыр ауылына кірме жол" автомобиль жолы	2	IV	-	2	-	-	-
9.	KF KR-413	"Күршім-Алғабас" автомобиль жолы	10	IV	-	10	-	-	3/36
10.	KF KR-414	"Топтерек ауылына кірме жол" автомобиль жолы	4	IV	-	4	-	-	2/14
11.	KF KR-415	"Боран ауылына кірме жол" автомобиль жолы	4	IV	-	4	-	1/24	-

12	KF KR-416	"Күршім-Қалжыр"-Ақши" автомобиль жолы	8	IV	-	-	8	-	-
13	KF KR-420	"Маралды-Үшбұлақ" автомобиль жолы	25	IV	-	-	25	3/25	1/10
14	KF KR-422	"Марқакөл-Ұрынхай-Төсқайың" автомобиль жолы	25	IV	-	-	25	1/60	2/20
		Жиыны:	304	-	-	159	145	9 / 288	42 / 572

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК